



ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ

2021-2023 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру жобасы (ҚР ҒЖБМ)

Жобаның атауы, ЖТН	AP09260551 «Су спорты түрлерінен спорттық резервін даярлауға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуді жетілдіру мен техникалық дайындықтарын арттыру бойынша ғылыми негізделген ұсыныстарды әзірлеу»
Іске асыру мерзімі	01.03.2021-31.12.2023
Жоба жетекшісі	Ермаханова Амина Бахитовна - PhD докторы, ҚазСТА қауымдастырылған профессорының м.а.
Өзектілігі	Ғылыми қызығушылықтары су спорт түрлерінде спорт резервін даярлау, мектеп жасына дейінгі балаларды тарту, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Су спорт түрлерінде жаттығуларға оқытудың бастапқы кезеңі мәселелерімен байланысты. Зерттеу жобасын іске асыру Су спорты түрлерін және жалпы елдің спорт резервін дамыту саласындағы зерттеулерді кеңейтуге мүмкіндік береді. Су спорт түрлері циклдік, күрделі-үйлестіру спорт түрі болып табылады. Соңғы жылдары спорт әлемінде жарыс пәндерінің саны өсті, жарыс ережелерін жетілдіру жүргізілді. Мұның бәрі жаттығу процесін жоспарлау және өткізу ретінде туындайтын мәселелер ғылыми зерттеуді талап етеді. Соңғы жылдардың типтік үрдісі де ірі спорт жарыстарына қатысушылар жасын айтарлықтай төмендету болып табылады, бұл балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінде (БЖСМ) шұғылданатындардың бастапқы жасын төмендетуге алып келді. Су спорты түрлерінің халықаралық Федерациясының қолданыстағы ережелері (FINA 2017-2021 жж.) және жарыстарда ұсынылатын бағдарламалар жас спортшыларды күрделі акробатикалық жаттығуларға үйрету мүмкіндігін іздеудің маңызды себебі болды.

Жобаның мақсаты	Жобаның мақсаты-су спорты түрлерінен спорт резервін даярлауды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді жетілдіру және техникалық даярлықты арттыру бойынша ұсыныстарды ғылыми негіздеу.
Күтілетін нәтижелер	<ul style="list-style-type: none"> - 2021 жылға: ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК ұсынған рецензияланатын шетелдік және (немесе) отандық басылымдарда кемінде 2 (екі) мақала және (немесе) шолулар жариялау; су спорты түрлері бойынша оқу құралы; су спорт түрлерінде спорт резервін дайындау жүйесінің тиімділігін бағалау критерийлері; зерттеу мәселесі бойынша ақпараттық-талдамалық материалдар, жоба туралы қысқаша ақпаратты көрсете отырып, ҚазСТА сайтында жарияланатын болады; - 2022 жылы: ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК ұсынған рецензияланатын шетелдік және (немесе) отандық басылымдарда кемінде 2 (екі) мақала және (немесе) шолулар жариялау; «Су спорт түрлерінде спорт резервінің техникалық даярлығын арттыру үшін ақпараттық-талдамалық жүйелерді пайдалану» әдістемелік ұсынымдары; енгізу актісі: проблема бойынша ақпараттық-талдамалық материалдар зерттеулер жоба туралы қысқаша ақпаратты көрсете отырып, ҚазСТА сайтында жарияланатын болады; - 2023 жылға: Web of Science базасының Social Citation Index, Arts and Humanities Citation Index және (немесе) Russian Science Citation Index индекстелетін және (немесе) Scopus базасында CiteScore бойынша кемінде 35 (отыз бес) перцентилі бар рецензияланатын ғылыми басылымда 1 (бір) мақала немесе шолу жариялау; ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК ұсынған рецензияланатын отандық басылымдарда 1 (бір) мақаланы жариялау және (немесе) шолу; «Су спорт түрлеріндегі спорт резервінің техникалық даярлығын арттыру» әдістемелік ұсынымдары; «Қазақстан Республикасының су спорт түрлерінде спорт резервін дайындау психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді жетілдіру» әдістемелік ұсынымдары: енгізу актісі; зерттеу нәтижелері бойынша ақпараттық-талдамалық материалдар орындалған жобаның мазмұны және ықтимал қолданылуы туралы ақпаратты көрсете отырып, ҚазСТА сайтында жарияланатын болады.